

Шетелдегі этникалық қазақтарды қолдау жөніндегі 2018 - 2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 280 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайында берген тапсырмасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Шетелдегі этникалық қазақтарды қолдау жөніндегі 2018 - 2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ езге де ұйымдар (келісім бойынша):

1) Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жылына бір рет, есепті жылдан кейінгі 15-қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі есепті жылдан кейінгі жылдың 15-ақпанынан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне Жоспардың іс-шараларының іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 18 мамырдағы
№ 280 қаулысымен
бекітілген

Шетелдегі этникалық қазақтарды қолдаудың 2018 - 2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

р / с №	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Орындау жауаптылау
1	2	3	4
1	Шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерінің Қазақстанның оқу орындарында білім алуы үшін стипендиялық бағдарлама әзірлеуді заңнамалық қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне есеп	БҒМ

2	Шетелдегі қазақ мектептерін және қазақ мәдени орталықтарын гуманитарлық бағыттағы оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету	оқулықтар және оқу-әдістемелік құралдар	БҒМ, МС ДҚҚ (к бойынша)
3	Шетелдегі қазақ мәдени орталықтарының сұраныстарына қарай гуманитарлық бағыттағы әдебиеттермен қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне есеп	МСМ, СІП келісім бой

4	Шетелдегі этникалық қазақтарға арналған оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу және шығару, сондай-ақ оны интернет-ресурстарға орналастыру	оқу-әдістемелік құралдар	МСМ, СІМ келісім бой
5	Шетелдегі қазақ диаспорасының балаларын демалыс уақыттарында Қазақстандағы білім беру және танымдық бағыттағы лагерьлерге тартуды заңнамалық қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау	МСМ-ге ақпарат	БҒМ, СІМ ДҚК (к бойынша облыстарда Астана, қалалары әкімдіктері
6	Шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерін Қазақстан Республикасында жоғары білім алу үшін квотамен қамтамасыз ету	шет елдегі қазақ диаспорасына арналған квота	БҒМ, обл және Аста қалалары әкімдіктер келісім бой
7	Қазақ халқының мәдени, әдеби және рухани құндылықтарын сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының елшілігі арқылы шетелде тұратын этникалық қазақтарды Қазақстанның көрнекі жерлерімен, "Жалпыұлттық маңызы бар Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы" көп функционалды виртуалды картасымен, "Абай әлемі" онлайн-энциклопедиясымен, "Qazaqstan3D" мультимедиялық жобасымен, "Жеті қазына" мобильді қосымшалар жобаларымен таныстыру	жоспар	СІМ, ДҚК бойынша) келісім бо Отандаста KEAҚ (бойынша)
2. Шет елдерде тұратын қазақ диаспорасымен мәдени-гуманитарлық байланыстарды ұстау үшін жағдай жасау			
8	Шетелде қазақ мәдени орталықтарын құру жөніндегі мәселені пысықтау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне есеп	МСМ, СІМ

9	Шетелдегі қазақ мәдени орталықтары мен бірлестіктерін қазақтың ұлттық киімдерімен, ұлттық музыка аспаптарымен, ұлттық бұйымдарымен қамтамасыз ету	жоспар	ДҚК (келісім бо Отандастар қоры келісім бойы облыстардың жән Алматы қалалы әкімдіктері
10	Шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерін шет елдерімен мәдени ынтымақтастық шеңберінде өткізілетін іс-шараларға (фестивальдар, поэзия кештері, ақындар сайыстары, қазақ киносы күндері) шақыру	фестивальдар, поэзия кештері, ақындар сайыстары, қазақ киносы күндері	МСМ, СІМ, ДҚК бойынша)
11	Шетелде тұратын қазақ диаспорасымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша қазақтардың кіші құрылтайын өткізу	кіші құрылтай	МСМ, СІМ, ДҚК бойынша)
12	Шетелде тұратын отандастардың қатысуымен халықаралық өнер фестивалін өткізу	халықаралық; өнер фестивалі	МСМ, СІМ, ДҚК бойынша)
13	Шетелде тұратын этникалық қазақтарды Қазақстанның қасиетті жерлерімен таныстыру мақсатында іс-шаралар өткізу: қасиетті жерлерге бару; қазақтың рухани құндылықтарын және дәстүрлерін сақтау тақырыбындағы семинар-тренинг; қазақ тілін оқыту бойынша онлайн-курстарының презентациясы	қасиетті жерлерге бару, семинар- тренингтер, презентация	МСМ, СІМ, ДҚК бойынша), МТ келісім бойынша)

14	Қазақстанның қасиетті жерлерімен таныстыру мақсатында ақпараттық-анықтамалық материалдарды әзірлеу және шығару	ақпараттық-анықтамалық материалдар	МСМ
15	Шетелде тұратын отандастардың мәселелері бойынша әлеуметтанушылық зерттеу жүргізу	әлеумет-танушылық зерттеу нәтижелері туралы есеп	МСМ, ДҚҚ (бойынша)
3. Шетелде тұратын қазақ диаспорасымен байланысты ақпараттық-үйлестіруді қамтамасыз ету			
16	Шетелдегі танымал қазақтар туралы "Алыстағы ағайын" фильмдерінің циклін шығару	Фильмдер циклі	М к)
17	Қазақ халқының тарихы, мәдениеті және дәстүрлері туралы роликтер сериясын жасау және оларды көрсетуді ұйымдастыру	Роликтер сериясы	А к)
18	Шекаралас елдердің аумағында, қазақ диаспорасы тығыз орналасқан жерлерде басымдықпен мемлекеттік телеарналарды көрсетуді ұйымдастыру	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне есеп	А (б о ж А к ә

19	"Қазақстан" телеарнасында қолданыстағы бағдарламалар шеңберінде шетелдегі қазақтардың, сондай-ақ Қазақстанға көшіп келген қазақтардың қызметі мен өмірін жариялауды ұйымдастыру, "Егемен Қазақстан", "Казахстанская правда" газеттерінде арнайы айдар ашу	Теле- бағдарлама, айдар	А
20	Шетелдегі қазақ диаспорасы туралы мәліметтен тұратын жарияланымдарды қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз ету	мақалалар, талдамалық материалдар	А (ғ бс
21	"Қиырдағы қазақтар" деректі сериалын түсіруді ұйымдастыру	деректі фильм	А К (ғ бс
22	Шетелдегі қазақ диаспорасына арналған "Туған тіл" халықаралық қоғамдық-саяси, әдеби-көркем альманахын әзірлеу және шығару	"Туған тіл" халықаралық қоғамдық-саяси, әдеби-көркем альманахы	М к)
23	Шетелдегі этникалық қазақтарды мемлекеттік тілді дамыту теле жобасына тарту	тележоба	М
4. Шетелдегі және отанына көшіп келген қазақ диаспорасына қолдау көрсету үшін ДҚҚ жұмысын жандандыру			
24	Шетелдерде тұратын қазақтар үшін Қазақстан аумағында бизнесті дамыту үшін жағдай жасау тетіктерін қарау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне есеп	

25	ДҚК филиалдарын, әсіресе республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда құруға жәрдемдесу	Өңірлердегі ДҚК-ның филиалдар
26	Шетелдегі қазақ диаспорасына қолдау көрсету жұмысына үлес қосқан жеке және заңды тұлғаларды көтермелеу	жоспар
27	ДҚК және "Отандастар қоры" КЕАҚ-ның интернет ресурстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	интернет- ресурстарды құру ж сүйемелдеу
28	"Отандастар қоры" КЕАҚ-ның жұмыс істеу тетіктері мен қаржыландыру көздерін, сондай-ақ оған қазақстандық бизнесмендердің өз үлесін қосу мүмкіндіктерін қарау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне есеп
29	ДҚК жұмысын жаңғырту мақсатында оған мүшелікке өту бойынша жұмыстарды үйлестіру және реттеу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне есеп

Ескертпе

* - Іс-шаралар жоспарын қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру және нақтылау кезінде нақтыланатын болады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚМ	- Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
АШМ	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
БҒМ	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Еңбекмині	- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
МСМ	- Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі
СІМ	- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
ҰЭМ	- Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ІІМ	- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
"Атамекен" ҰКП	- "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы
"Казконтент" АҚ	- "Казконтент" акционерлік қоғамы
ДҚҚ	- Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы
МТДҚ КҚ	- "Мемлекеттік тілді дамыту қоры" корпоративтік қоры
"Отандастар қоры" КЕАҚ	- "Отандастар қоры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
РБ	- республикалық бюджет

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК